

Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кездे азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 96 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Заңымен

Ескерту. Заңның күші жойылды - ҚР 2009.09.18. N 193-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 186-баптан қараңыз) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтіндегі "тарау" деген сөздің алдындағы "I - VI" деген цифрлар тиісінше "1 - 6" деген цифrlармен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Осы заң халыққа психиатриялық жәрдем көрсету саласындағы құқықтық, әлеуметтік, экономикалық және ұйымдық негіздерді, соның ішінде азаматтардың сондай жәрдем көрсетілген кездегі құқықтарына берілетін кепілдіктерді белгілейді.

1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

психикалық науқастың дәрменсіздігі - адам психикасының қатты бұзылуына, кемістігіне байланысты, сайып келгенде негізгі өмірлік қажеттерді өз бетімен қанағаттандыруға дәрменсіздік пайда болатын хал-жағдай;

занды өкілдер - пациенттердің мұдделерін білдіретін адамдар: ата-аналар, асырап алушылар және қорғанышылар, қамқоршылар;

медициналық-әлеуметтік оқалту - науқасты жұмысқа тартуға, отбасылық және қоғамдық өмірге қосуға арналған медициналық, әлеуметтік шаралар мен еңбек шараларын кешенді түрде пайдалана отырып, науқастардың денсаулығын қалпына келтіру;

қабілетсіздік - психикасының ауыруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан азаматтардың өз іс-әрекеттерінің мәнін түсіне алмауы немесе оған басшылық ете

а л м а у ы ;

психикалық науқасқа қорғаншылық - психикасының ауыруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған адамды
қ о рғау нысаны ;

психикалық науқасқа қамқоршылық - спиртті ішімдіктерді немесе есірткі заттарды көп пайдалануы салдарынан сот іс-әрекетке қабілеттігін шектеген
адамды қ о рғау нысаны ;

психиатрия - клиникалық медициналық психикалық аурулардың пайда болу себептерін, белгілерін және өтуін зерттейтін, сондай-ақ олардың алдын алу, ауырган адамды емдеу және оның психикалық қабілеттерін қалпына келтіру әдістерін әзірлейтін саласы ;

психиатриялық ұйым - психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға арнаулы медициналық жәрдем көрсететін көпқырлы ауруханалар құрамындағы психиатриялық және психоневрологиялық ауруханалар, психоневрологиялық диспансерлер, психиатриялық бөлімшелер;

психиатриялық көмек - психика бұзылуының алдын алу, азаматтардың психикалық денсаулығын тексеру, психика бұзылуының диагностикасы, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарды емдеу, күту, медициналық және әлеуметтік жағынан оңалту ;

психиатриялық жағынан жақпаушылық - кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруға кедергі жасайтын нақты психика бұзылуының тізбесі;

психиканың бұзылуы (ауру) - адамның ми жұмысының бұзылуына байланысты психикалық қызметтің бұзылуы.

2-бап. Осы Занмен реттелетін мәселе

1. Осы Зан психиатриялық жәрдем жүргізуді ұйымдастыру кезінде туындайтын қатынастарды реттейді және оны көрсету кезінде азаматтар құқықтарының кепілдігін белгілейді.

2. Осы Зан Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға психиатриялық жәрдем көрсетілген кезде қолданылады.

3-бап. Психиатриялық жәрдем көрсету саласындағы мемлекеттік саясат

Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға психикалық жәрдем көрсету саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты:

зандылық, ізгілік және адам мен азаматтың құқықтарын сақтау;

психикасының бұзылуынан зардап шегушілерге тегін және қол жететіндегі медициналық жәрдем көрсетуді қамтамасыз ету;

психиатриялық жәрдем берілген кезде азаматтарды әлеуметтік қорғау принциптері негізінде жүргізіледі.

3-1-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган:

1) халыққа психиатриялық жәрдем көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу ді және психиатриялық жәрдем көрсету кезінде азаматтардың құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз етеді;

2) халыққа психиатриялық жәрдем көрсету және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты және салааралық өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

3) халыққа психиатриялық жәрдем көрсету және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлең, бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының аумағында психиатр-дәрігерлердің, психиатриялық және психоневрологиялық ұйымдардың кәсіби қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады.

Ескеरту. 3-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

3-2-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе халыққа психиатриялық жәрдем көрсету және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтарына берілетін

кепілдіктер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) психиатриялық жәрдем көрсетуді ұйымдастырудың қатынастарды реттейтін, оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктердің айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе психиатриялық жәрдем көрсететін мемлекеттік медициналық ұйымдарды жарақтандыруды қамтамасыз етеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе психиатр-дәрігерлердің, психиатриялық және психоневрологиялық ұйымдардың кәсіби қызметіне бақылау жасауды үйлестіреді және қамтамасыз етеді;

5) халыққа психиатриялық жәрдем көрсету және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер саласындағы өніраалық өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Ескерту. 3-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 . N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

4-бап. Психиатриялық жәрдем алудың еріктілігі

1. Психиатриялық жәрдем адам ерікті түрде өтініш жасаған немесе оның жазбаша келісімі болған жағдайда көрсетіледі, бұған осы Занда көзделген реттер қосылмайды.

2. Көмелетке толмаған адамға, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамға психиатриялық жәрдем осы Занда көзделген тәртіппен олардың заңды өкілдерінің келісімімен көрсетіледі.

5-бап. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдардың құқықтары

1. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдар азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген барлық құқықтары мен бостандықтарына ие болады. Психикасының бұзылуына байланысты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруын шектеуге Қазақстан Республикасының заңымен көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

2. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдардың бәрі психиатриялық жәрдем көрсетілгенде:

- 1) білікті медициналық жәрдем алуға;
- 2) өздерінің құқықтары туралы және психикасы бұзылуының сипаты мен қолданылатын емдеу әдістері туралы ақпарат алуға;
- 3) түрғылықты жері бойынша, сондай-ақ қажет болған жағдайда жүрген жерінде психиатриялық жәрдем алуға;
- 4) психиатриялық стационарда тексерілуге және емделуге;
- 5) санитариялық-гигиеналық талаптарға сай келетін жағдайларда жәрдем алуға;
- 6) медициналық айғақтар бойынша емдеудің барлық түрін (оның ішінде санаторий-курорттық түрін) алуға;
- 7) емдеудің кез келген сатысында медициналық құралдар мен әдістерін, ғылыми зерттеулерден немесе оқу процесінен, суретке түсіруден, бейне жазудан немесе киноға түсіуден бас тартуға;
- 8) өздерінің талап етуімен психиатриялық жәрдем көрсетуге қатысушы кез келген маманды (оның келісімімен) осы Заңмен реттелетін мәселелер жөніндегі дәрігерлік комиссияда жұмыс істеуге шақыруға;
- 9) Занда белгіленген тәртіп бойынша адвокаттан және басқа занды өкілден немесе өзге адамнан жәрдем алуға;
- 10) психикалық зардап шегуінің (ауыруының), белгіленген қорытындысына сот тәртібімен, соның ішінде тәуелсіз сарапшыларды қатыстыра отырып шағым жасауға құқылыш.

3. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдардың құқықтары мен бостандықтарын психикалық ауруы болуының, денсаулық сақтау органдарының психиатрия ұйымында немесе халықты әлеуметтік қорғау не арнаулы оқыту жүйесі органдарының психоневрологиялық ұйымында диспансерлік бақылауда болуы фактілерінің негізінде ғана шектеуге жол берілмейді. Мұндай тәртіп бұзушылыққа кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауап береді.

4. Қазақстан Республикасының азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды психикасының ауыруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан іс-әрекетке қабілетсіз деп тануды оған қорғаншы белгілей отырып, сот жүзеге асырады. Қорғаншы белгілеу сырқаттану кезінде оның құқықтары мен бостандықтарын Қазақстан Республикасының заңына сәйкес шектеуге әкеп соғады.

6-бап. Қесіби қызметтің жекелеген түрлерін атқаруды шектеу

1. Мемлекеттің уәкілетті органдар құқық берген дәрігерлік комиссияның шешіміне сәйкес, медициналық психиатриялық қарсылық тізбесіне сәйкес азаматтың психикалық денсаулық жағдайын бағалау негізінде азамат психикасының бұзылуы салдарынан уақытша, сонынан қайта куэландыру құқығымен қесіби қызметтің жекелеген түрлерін, сондай-ақ жоғары қауіп көзіне байланысты жұмысты атқаруға жарамсыз деп танылуы мүмкін. Азамат мұндай шешіммен келіспеген жағдайда ол жөнінде сотқа шағымдануына болады.

2. Қесіби қызметтің жекелеген түрлерін, сондай-ақ жоғары қауіп көзіне байланысты жұмысты жүзеге асыруға арналған медициналық психиатриялық жақпайтын заттар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және жинақталған тәжірибе мен ғылыми жетістіктерді ескере отырып, ол мезгіл-мезгіл (кемінде бес жылда бір рет) қайта қаралады.

7-бап. Психиатриялық жәрдем көрсетілетін азаматтардың құқықтары мен мұдделерін қорғау

1. Азамат өзіне психиатриялық жәрдем көрсетілген кезде өзінің құқықтары мен занды мұдделерін қорғау үшін өз қалауымен өкіл шақыруға құқылы. Өкілдік Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленген тәртіппен ресімделеді.

2. Кәмелетке толмаған және белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамның психиатриялық жәрдем көрсетілген кездегі құқықтары мен занды мұдделерін қорғауды олардың занды өкілдері жүзеге а с ы р а д ы .

3. Азаматқа психиатриялық жәрдем көрсетілген кезде оның құқықтары мен занды мұдделерін қорғауды адвокат немесе занды өкіл жүзеге асырады. Адвокатты шақыру және оның қызметіне ақы төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының зандарында көзделеді. Психиатриялық жәрдем көрсететін ұйымның әкімшілігі осы Заңның 23-бабының 5-тармағындағы 1) тармақшада және 29-бабының 1)-тармақшасында көзделгеннен басқа жағдайларда адвокат шақыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

8-бап. Дәрігерлік құпияны сақтау

Азамат психикасының бұзылғаны, оның психиатриялық жәрдем сұрағаны және осындай жәрдем көрсететін мекемеде емделгені туралы мәліметтер, сондай-ақ психикалық денсаулық жағдайы туралы өзге де мәліметтер заңмен қорғалатын дәрігерлік құпия болып табылады.

9-бап. Психикалық денсаулық жағдайы туралы мәліметтер беру тәртібі

1. Психикасының бұзылудынан зардал шегуші адамның құқықтары мен заңды мұдделерін іске асыру үшін оның психикалық жай-күйін ескере отырып, өзінің өтініші не оның заңды өкілінің, адвокаттың өтініші бойынша оларға осы адамның психикалық денсаулық жағдайы туралы және оған психиатриялық жәрдем көрсетілгені туралы мәліметтер беріледі.

2. Азаматтардың психикалық денсаулық жағдайы не оларды психиатр-дәрігердің тексергені туралы үшінші бір адамдарға мәліметтер беруге Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген реттерде ғана жол беріледі.

10-бап. Диагностика және емдеу

1. Психиканың бұзылуды диагнозын клиникалық көріністерге, лабораториялық деректерге, объективті мәліметтерге сәйкес психиатр-дәрігер қояды. Диагнозды азаматтың қоғамда қабылданған моральдық, мәдени, саяси және діни құндылықтармен келіспеуіне не оның психикалық денсаулық жағдайына тікелей байланысы жоқ өзге де себептерге негіздеуге болмайды.

2. Психиканың бұзылудынан зардал шегуші адамға диагноз қою және оны емдеу үшін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңдарымен рұқсат етілген медициналық құралдар мен әдістер қолданылады.

3. Медициналық құралдар мен әдістер аурулы ауытқулар сипатына қарай диагностикалық және емдеу мақсаттарында ғана қолданылады, оларды психикасының бұзылудынан зардал шегуші адамды жазалау түрінде немесе басқа адамдардың мұдделері үшін пайдалануға тыйым салынады.

11-бап. Емделуге келісу

1. Дәрігер психикасының бұзылудынан зардал шегуші адамға немесе оның заңды өкіліне психика бұзылудының сипаты туралы, емдеудің мақсаттары мен әдістері туралы ақпарат, сондай-ақ ұсынылатын емнің ұзақтығы туралы, болуы мүмкін ауырсыну түйсіктері, жанама әсерлері мен күтілетін нәтижелері туралы деректер беруге міндетті. Берілген ақпарат туралы медициналық құжаттамаға жазба жасалады.

2. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамды емдеу оның өзінің немесе заңды өкілдерінің жазбаша келісімін алғаннан кейін жүргізіледі, бұған осы баптың 3-тармағында көзделген реттер қосылмайды.

3. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданған кезде, сондай-ақ осы Заңның 29-бабымен көзделген негіздер бойынша ауруханаға еріксіз салған кезде психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамды емдеу оның өзінің немесе заңды өкілінің келісімінсіз жүргізуі мүмкін. Ауруханаға шұғыл салынған реттерді қоспағанда, мұндай жағдайларда ем психиатр-дәрігерлер комиссиясының шешімі бойынша қолданылады.

4. Осы баптың 3-тармағында аталған адамдар жөнінде психикасының бұзылуын емдеуге хирургиялық әдістер қолдануға, сондай-ақ оларға медициналық құралдар мен әдістерді сынап көруге жол берілмейді.

12-бап. Емделуден бас тарту

1. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адам немесе оның заңды өкілі ұсынылып отырған емнен бас тартуға немесе оны тоқтатуға құқылы, бұған осы Заңның 11-бабының 3-тармағында көзделген реттер қосылмайды.

2. Емделуден бас тартушы адамға не оның заңды өкіліне емдеуді тоқтатудың болуы ықтимал зардаптары түсіндірілуге тиіс. Емделуден бас тарту оның болуы ықтимал зардаптары туралы мәліметтер көрсетіле отырып, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамның немесе оның заңды өкілінің және психиатр-дәрігердің қолы қойылып, медициналық құжаттамаға жазу арқылы ресімделеді.

13-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

1. Психикасының бұзылуынан зардап шегетін, қоғамға қауіпті әрекеттер жасаған адамдар жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша сот шешімімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылады .

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары денсаулық сақтау органдарының психиатриялық ұйымдарында жүзеге асырылады. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімімен психиатриялық стационарға орналастырылған адамдар осы Заңның 34-бабында көзделген құқықтарды пайдаланады. Олар психиатриялық стационарда болған бүкіл

кезеңінде еңбекке жарамсыз деп танылады және олардың мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақы немесе жалпы негіздер бойынша зейнетакы алуға құқығы бар.

14-бап. Сот-психиатриялық сараптама

Қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі сот-психиатриялық сараптама заң негізінде және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

15-бап. Азаматтың әскери қызметші ретінде қызметке жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін психиатриялық тексеру

Ескеरту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.16.
N 244 Заңымен.

2 тарау. МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ПСИХИАТРИЯЛЫҚ ЖӘРДЕМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

16-бап. Мемлекет кепілдік беретін психиатриялық жәрдем және әлеуметтік қорғау

1 . М е м л е к е т :

1) шүғыл психиатриялық жәрдем көрсету;

2) табиғи зілзаларап мен апаттар кезінде психиатриялық жәрдем көрсетуге;

3) ауруханадан тыс және стационарлық жағдайларда консультациялық-диагностикалық, емдеу, психиатриялық алдын-алу, оңалту жәрдемін көрсетуге;

4) психиатриялық сараптаманың барлық түрлеріне, еңбекке уақытша жаралып калғанда да оның мүмкін болғанда анықтауға;

5) психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсетуге және оларды еңбекке орналастыруға жәрдемдесуғе;

6) қорғаншылық және қамқоршылық мәселелерін шешуге;

7) психиатрия ұйымдарында құқықтық мәселелер жөнінде консультациялар беру және заң көмегінің басқа да түрлерін көрсетуге;

8) мүгедектерді әлеуметтік-еңбекке орналастыруға және психикасының бұзылуынан зардап шегуші қарттарды әлеуметтік-тұрмыстық орналастыруға, сондай-ақ оларға күтім көрсетуге;

9) психикасының бұзылуынан зардап шегуші мүгедектер мен кәмелетке толмағандарды оқытуға кепілдік береді.

2. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға психиатриялық жәрдем көрсетуді қамтамасыз ету үшін және оларды әлеуметтік қорғау макастында мемлекет:

1) мүмкіндігінше емдеушілердің тұрғылықты жері бойынша ауруханалардан тыс және стационарлық психиатриялық жәрдем көрсететін ұйымдардың барлық тұрлар ін кұрады;

2) психикасының бұзылуынан зардап шегуші кәмелетке толмағандарға жалпы және кәсіптік білім беруді ұйымдастырады;

3) өндірістік-емдеу кәсіпорындардың, сондай-ақ еңбек терапиясына, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарды соның ішінде мүгедектерді еңбекке орналастыру үшін жаңа мамандықтарға оқытуға арналған еңбек жағдайлары жеңілдетілген арнайы өндірістер, цехтар немесе участекелер құрады;

4) < * >
5) < * >

3. Психиатриялық жәрдем көрсететін ұйымдардың бәрі талап етілетін санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы нормативтерге сәйкес болуға тиіс.

4 . < * >

**Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.
N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап қүшіне енеді) Заңымен.**

17-бап. Психиатриялық жәрдемді қаржыландыру

1. Психикасының бұзылуынан зардал шегуші адамдарға осы Занда кепілдік берілген психиатриялық және өзге де жәрдем көрсететін мемлекеттік ұйымдарды қаржыландыру бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарына қайшы келмейтін өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

2. Психикасының бұзылуынан зардал шегуші адамдарға жәрдем көрсететін жеке адамдардың (психиатрлардың, адвокаттардың және т.б.) қызметіне ақы азаматтардың өз қаражаты немесе қайырымдылық түсімдер есебінен төленеді.

**З тарау. ПСИХИАТРИЯЛЫҚ ЖӘРДЕМ КӨРСЕТЕТІН ҰЙЫМДАР
МЕН**

**АДАМДАР, МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ
МАМАНДАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**18-бап. Психиатриялық жәрдем көрсететін ұйымдар мен
адамдар**

1. Психиатриялық жәрдемді тиісті лицензия алған медицина ұйымдары мен психиатр-дәрігерлер көрсетеді.

2. Психиатриялық жәрдем көрсету жөніндегі қызметке лицензиялар беру тәртібі Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленеді.

3. Психиатрия және психоневрология ұйымдары немесе психиатр-дәрігерлер жасайтын психиатриялық жәрдемнің түрлері жарғылық құжаттар мен лицензияларда көрсетіледі. Олар туралы ақпарат тілек білдірушілердің бәріне беріледі.

**Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.
N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап қүшіне енеді) Заңымен.**

**19-бап. Психиатриялық жәрдем көрсету жөніндегі
қызметпен айналысу құқығы**

1. Жоғары медициналық білім алған және өз біліктілігін белгіленген тәртіппен дәлелдеген психиатр-дәрігердің психиатриялық жәрдем көрсету жөніндегі дәрігерлік қызметпен айналысуға құқығы бар.

2. Пациенттерге тікелей қызмет көрсететін өзге де мамандар (психологтар, әлеуметтік және басқа қызметкерлер мен медицина қызметкерлері) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен арнайы даярлықтан өтіп, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдармен жұмыс істеуге жіберілу үшін өздерінің біліктілігін дәлелдеуге тиіс.

3. Психиатриялық жәрдем көрсететін психиатр-дәрігер мен өзге де мамандардың қызметі осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады және дәрігерлік борыш пен кәсіби әдепке негізделеді.

20-бап. Медицина қызметкерлері мен өзге де мамандардың психиатриялық жәрдем көрсету кезіндегі құқықтары мен міндеттері

1. Психиатриялық жәрдем көрсету кезіндегі психиатр-дәрігердің, өзге де мамандар мен медицина қызметкерлерінің кәсіби құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

2. Психикалық аурудың диагнозын қою, еріксіз түрде психиатриялық жәрдем көрсету туралы шешім қабылдау не осы мәселелерді қарау үшін қорытынды беру психиатр-дәрігердің немесе психиатр-дәрігердің комиссиясының ерекше құқығы болып табады.

3. Басқа мамандықтағы дәрігердің адамның психикалық денсаулық жағдайы туралы қорытындысы болжамдық сипатта болады және оның құқықтары мен заңды мұдделерін шектеу туралы мәселені шешуге, сондай-ақ оған психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жеңілдіктерді беруге негіз бола алмайды.

21-бап. Психиатр-дәрігердің тәуелсіздігі

1. Психиатриялық жәрдем көрсету кезінде психиатр-дәрігер өз шешімдерін тәуелсіз қабылдайды және медициналық айғақтарды, дәрігерлік борыш пен заң актілерін ғана басшылыққа алады.

2. Комиссияның шешімімен келіспеген психиатр-дәрігер өз қорытындысын беруге құқылы, мұндай қорытынды медициналық құжаттамаға тіркеледі.

22-бап. Психиатриялық жәрдем көрсететін медицина қызметкерлеріне және басқа қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер мен кепілдіктер

1. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарды емдеуге арналған, ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, психиатрия ұйымдарының,

олардың құрылымдық бөлімшелерінің, палаталары мен кабинеттерінің мамандықтарына қарамастан дәрігерлері, орта және кіші медицина қызметкерлері, мамандары, қызметшілері мен басқа да қызметкерлері еңбек жағдайларының денсаулықта қауіпті әрі ерекше ауыр болуына байланысты Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес лауазымдық айлықақыларының (және тарифтік ставкаларының) арттырылуына құқылы.

2. Психиатриялық жәрдем көрсетуге қатысушы адамның денсаулығына келтірілген зиян Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленген тәртіппен етелуге тиіс.

4 тарау. ПСИХИАТРИЯЛЫҚ ЖӘРДЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ КӨРСЕТУДІҢ ТӘРТІБІ

23-бап. Психиатриялық куәландыру

1. Психиатриялық куәландыру тексерілуші адамның психикасы бұзылғанын, оның психиатриялық жәрдемге мүқтаждығын және мұндай жәрдемнің түрлерін анықтау мақсатында, сондай-ақ қорғаншылық, еңбекке уақытша жарамсыздығы және мүгедектігі туралы мәселені шешу үшін жүргізіледі.

2. Психиатриялық куәландыру, сондай-ақ алдын алу мақсатындағы тексеру тексерілушінің өтініші немесе жазбаша келісімі, немесе оның занды өкілдерінің куәландыру себептері көрсетілген жазбаша арызы бойынша; кәмелетке толмаған және занда белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамға - олардың занды өкілдерінің өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша жүргізіледі

Тексерілушінің психикалық денсаулық жағдайын психиатриялық куәландыру мен ол туралы қорытындының деректері медициналық құжаттамада тіркеледі, онда психиатр-дәрігерге көріну себептері мен медициналық ұсыныстар да **көрсетіледі**.

3. Занды өкілі қарсылық білдірген немесе болмаған жағдайда кәмелетке толмаған адамды куәландыру қорғаншы және қамқоршы органның шешімі бойынша жүргізіледі, оған сотқа шағым жасалуы мүмкін.

4. Психиатриялық куәландыру жүргіzetін дәрігер тексерілуші мен оның занды өкіліне өзін психиатр ретінде таныстыруға міндетті, бұған осы баптың 5-

тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген жағдай қосылмайды.

5. Тексерілуші психикасының бұзылуы асқынған деп жорамалдауға негіз болатын іс-әрекеттер жасағанда оған өзінің келісімінсіз немесе занды өкілінің келісімінсіз психиатриялық куәландыру жүргізілуі мүмкін, мұның өзі:

- 1) оның өзіне және айналасындағыларға тікелей қауіп төндіруіне;
- 2) оның дәрменсіздігіне, яғни тиісті күтім болмаған жағдайда негізгі тіршілік қажеттерін өз бетінше қанағаттандыруға қабілетсіздігіне;
- 3) егер адамға психиатриялық жәрдем көрсетілмей қалдырылатын болса, психикалық жай-күйінің нашарлауы салдарынан оның денсаулығына елеулі зиян келуіне **байланысты болады.**

6. Егер тексерілуші осы Заңның 27-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен диспансерлік бақылауда тұрса, оған өзінің келісімінсіз немесе оның занды өкілінің келісімінсіз психиатриялық куәландыру жүргізілуі мүмкін.

7. Әртүрлі (сот, әскери, еңбек және басқа) психиатриялық сараптамалар мен адамдарды психиатриялық куәландыру Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

24-бап. Адамды өзінің келісімінсіз немесе оның занды өкілінің келісімінсіз психиатриялық куәландыру туралы шешім

Осы Заңның 23-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда психиатр-дәрігер адамның занды өкіліне хабарлай отырып, психиатриялық куәландыру туралы өз бетінше шешім қабылдайды.

25-бап. Адамды өзінің келісімінсіз немесе оның занды өкілінің келісімінсіз психиатриялық куәландыру туралы арыз беру мен шешім қабылдау тәртібі

1. Осы Заңның 23-бабының 6-тармағында көзделген реттерді қоспағанда, адамды өзінің келісімінсіз немесе оның занды өкілінің келісімінсіз психиатриялық куәландыру туралы шешімді мұндай куәландыру үшін осы Заңның 23-бабының 5-тармағында тізіп келтірілген негіздер бар деген мәліметтер көрсетілген арыз бойынша психиатр-дәрігер қабылдайды.

2. Арызды психиатриялық куәландырылуға тиісті адамның занды өкілі, кез келген медициналық мамандықтағы дәрігер мен өзге де азаматтар бере алады.

Көрінеу жалған арыз беру қылмыстық жауапқа тартылуға әкеп соғады.

3. Алынған мәліметтер бойынша адам өзіне немесе айналасындағыларға тікелей қауіп төндіретін жағдайларда нақты адам ауызша немесе жазбаша арыз беруі мүмкін. Психиатр-дәрігер психиатриялық қуәландыру туралы дереу шешім қабылдалап, ол медициналық құжаттамаға жазумен ресімделеді де, кейіннен адамның **занды** **өкіліне** **хабарланады**.

4. Адам өзіне немесе айналасындағыларға тікелей қауіп төндірмейтін жағдайда психиатриялық қуәландыру туралы арыз жазбаша түрде берілуге, онда мұндай қуәландырудың қажет екенін негіздейтін толық мәліметтер және ол адамның немесе оның занды өкілінің психиатр-дәрігерге көрінуден бас тартатыны туралы деректер болуға тиіс. Психиатр-дәрігер шешім қабылдау үшін қажетті қосымша мәліметтер сұратып алуға құқылы. Психиатр-дәрігер арызды осы Заңның 23-бабының 5-тармағындағы 2) және 3)-тармақшаларда көзделген жағдайлардың болуын дәлелдейтін деректер жоқ екенін анықтап, психиатриялық қуәландырудан дәлелді себеппен жазбаша түрде бас тартады.

26-бап. Амбулаториялық психиатриялық жәрдем түрлері

1. Психикасының бұзылуынан зардал шегуші адамға амбулаториялық психиатриялық жәрдем медициналық айғақтарға қарай консультация беру, емдеу немесе диспансерлік бақылау түрінде көрсетіледі.

2. Консультациялық-дәрігерлік жәрдемді психиатр-дәрігер адам өз бетімен өтініш жасағанда оның өтініші немесе келісімі бойынша, кәмелетке толмаған адамға оның занды өкілінің өтініші немесе келісімі бойынша көрсетеді.

3. Осы Заңның 27-бабының 1-тармағында көзделген реттерде психикасының бұзылуынан зардал шегуші адамның немесе оның занды өкілінің келісіміне қарамастан диспансерлік бақылау белгілену мүмкін және ол психиатр-дәрігердің тұрақты тексеріп тұруы арқылы оның психикалық денсаулық жағдайын бақылауды, оған қажетті медициналық және әлеуметтік жәрдем көрсетуді көздейді.

27-бап. Диспансерлік бақылау

1. Психикасының бұзылуы тұрақты және созылмалы болып, ауыр, өзгермейтін сипат алған, көбіне асқынған ауру көріністеріне ұштасатын адамға диспансерлік бақылау белгіленуі мүмкін.

2. Диспансерлік бақылауды белгілеу қажет екені туралы және оны тоқтату туралы мәселені шешуді амбулаториялық психиатриялық жәрдем көрсететін

психиатриялық ұйымның әкімшілігі тағайындастын психиатр-дәрігерлер комиссиясы немесе денсаулық сақтау органы тағайындастын психиатр-дәрігерлер комиссиясы қабылдайды, комиссияда кемінде үш дәрігер болуы к е р е к .

3. Психиатр-дәрігерлер комиссиясының дәлелді шешімі медициналық құжаттамаға жазылып ресімделеді. Диспансерлік бақылауды белгілеу немесе тоқтату туралы шешімге осы Заңмен белгіленген тәртіп бойынша шағым жасалуы мұмкін.

4. Психикасының бұзылуынан зардал шегуші адам сауықтан немесе оның психикалық жай-күйі айтартлықтай әрі тұрақты жақсарған жағдайда бұрын белгіленген диспансерлік бақылау тоқтатылады. Диспансерлік бақылау тоқтатылғаннан кейін сол адамның өтініші немесе келісімі бойынша, не оның заңды өкілінің өтініші немесе келісімі бойынша психиатриялық жәрдем консультация және емдеу түрінде көрсетіледі. Психикасының бұзылуынан зардал шегуші адам психикалық жай-күйі өзгерген кезде осы Заңың 23-25 баптарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша өзінің келісімінсіз немесе заңды өкілінің келісімінсіз куәландырылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда психиатр-дәрігерлер комиссиясының шешімі бойынша диспансерлік бақылау қайта жалғастырылуы мүмкін.

28-бап. Психиатриялық стационарға орналастыру негіздері

1. Адам психикасының бұзылуы мен психиатр-дәрігердің оған тексеру жүргізу немесе стационар жағдайында емдеу туралы шешімі немесе сот ұйғарымы оны психиатриялық стационарға орналастыру үшін негіз болып та б ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша сот-психиатриялық сараптама жүргізу қажет екендігі де психиатриялық стационарға орналастыру үшін негіз бола алады.

3. Осы Заңың 29-бабымен көзделген реттерді қоспағанда, адамды психиатриялық стационарға орналастыру оның өтініші бойынша немесе оның жазбаша келісімімен ерікті түрде жүзеге асырылады.

4. Кәмелетке толмаған адам психиатриялық стационарға ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша орналастырылады .

5. Заңмен белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілесіз деп танылған адам психиатриялық стационарға оның занды өкілінің өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша орналасырылады.

6. Занды өкілі қарсы болған немесе өзге занды өкілі болмаған жағдайда кәмелетке толмаған адамды психиатриялық стационарға орналастыру қорғаншы және қамқоршы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады, ол жөнінде сотқа

7. Адамды ауруханаға салуға алынған келісім медициналық құжаттамаға жазылып ресімделеді, оған сол адам немесе оның заңды өкілі және психиатр-дәрігер қол қояды.

29-бап. Психиатриялық стационарға еріксіз түрде орналастыру үшін негіздер

Психикасының бұзылуы асқынған адамды ауруханаға тексеру және емдеу үшін оның келісімінсіз және оның заңды өкілінің келісімінсіз еріксіз түрде салып, кейіннен прокуратура органдарына хабарлау:

1) оның өзіне немесе айналасындағыларға тікелей қауіп тәндіруіне;

2) оның дәрменсіздігіне, яғни тиісті күтім болмаған кезде негізгі тіршілік қажеттерін өз бетінше қанағаттандыруға қабілетсіздігіне;

3) егер адам психиатриялық жәрдемсіз қалдырылатын болса психикалық жай-күйінің нашарлауы салдарынан оның денсаулығына елеулі зиян келуіне байланысты жасалады.

30-бап. Психиатриялық стационарға еріксіз түрде орналастырылған адамдарды күеландыру

Осы Заңың 29-бабымен көзделген негіздер бойынша психиатриялық стационарға орналастырылған адамды психиатриялық ұйымның психиатр-дәрігерлер комиссиясы 48 сағат ішінде міндепті түрде куәландыруға тиіс, ол ауруханаға салудың негізділігі туралы шешім қабылдайды. Ауруханаға салу негіzsіз деп танылып, орналастырылуши адам психиатриялық стационарда қалуға тілек білдірмесе, ол дереу шығарылуға тиіс.

31-бап. Ауруханаға еріксіз турде салуды үзарту

1. Адамның психиатриялық стационарда еріксіз түрде ұсталуы оны ауруханаға салу жөніндегі негіздер сақталатын уақыт ішіндеған жағалғастырылады.

2. Психиатриялық стационарға еріксіз түрде орналастырылған адамды алғашқы алты ай ішінде оның ауруханада болу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін психиатриялық ұйымның психиатр-дәрігерлер комиссиясы кемінде айна бір рет куәландырып отыруға тиіс. Ауруханада болу мерзімін алты айдан астам уақытқа ұзарту Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен психиатр-дәрігерлер комиссиясының өтініші негізінде сот шешімі

б о й ы н ш а ж ү р г і з і л е д і .

3. Ауруханаға еріксіз түрде салынған адамды кезектен тыс куәландыру пациенттің өзінің немесе оның заңды өкілінің, адвокаттың тілегі бойынша жүргізуі мүмкін.

32-бап. Ауруханаға еріксіз түрде салу туралы мәселе бойынша сотқа жүгіну

Ауруханаға еріксіз салумен келіспеген жағдайда психикасының бұзылуынан зардап шегуші адам немесе оның заңды өкілі сотқа жүгіне алады.

33-бап. Заңды өкілдерінің өтініші немесе келісімі бойынша психиатриялық стационарға орналастырылған кәмелетке толмағандарды және іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарды куәландыру

1. Заңды өкілдерінің өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша психиатриялық стационарға орналастырылған кәмелетке толмаған адамды және заңда белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамды осы Заңның 30-бабымен көзделген тәртіп бойынша психиатриялық ұйымның психиатр-дәрігерлер комиссиясы міндettі түрде куәландыруға тиіс.

2. Бұл адамдарды ауруханада болу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін алғашқы алты ай ішінде кемінде айна бір рет психиатр-дәрігерлер комиссиясы куәландырып отыруға тиіс. Ауруханада болу мерзімін алты айдан астам уақытқа ұзарту Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен психиатр-дәрігерлер комиссиясының өтініші негізінде сот шешімі

б о й ы н ш а ж ү р г і з і л е д і .

3. Психиатр-дәрігерлер комиссиясы немесе психиатриялық стационардың әкімшілігі кәмелетке толмаған адамның немесе заңмен белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамның заңды өкілдері оларды ауруханаға салғанда қиянат жасауға жол берілгенін анықтаған жағдайда

психиатриялық стационардың әкімшілігі бұл туралы қамқорлыққа алынған адамның тұрғылықты жері бойынша қорғаншы және қамқоршы органға хабарлайды.

34-бап. Психиатриялық стационардағы пациенттердің құқықтары

1. Психиатриялық стационарға орналастырылған пациентке оның құқықтары мен стационарда белгіленген ережелер оның өзі біletін тілде түсіндірілуғе тиіс, бұл туралы медициналық құжаттамаға жазба жасалып, кейіннен заңды өкіліне х а б а р л а н а д ы .

2. Психиатриялық стационарда емделіп немесе тексеріліп жатқан пациенттердің б ә р і :

1) емделу, тексерілу, психиатриялық стационардан шығу және осы Заңмен берілген құқықтарының сакталуы мәселелері бойынша тікелей бас дәрігерге немесе бөлімше менгерушісіне өтініш жасауға, мемлекеттік органдар мен адвокатқа шағымдар және арыздар беруге, адвокатпен және діни қызметшімен оңаша кездесуге, діни салттарды орындауға, діни қағидаларды сақтауға;

2) газеттер мен журналдарды жаздырып алуға;

3) егер пациент 18 жасқа толмаған болса, жалпы білім беретін мектептің немесе интеллектілік дамуы бұзылған балаларға арналған арнаулы мектептің бағдарламасы бойынша білім алуға;

4) егер пациент өндірістік еңбекке қатысатын болса, еңбегінің мөлшері мен сапасына сәйкес басқа азаматтармен бірдей сыйақы алуға;

5) х а т - х а б а р а л ы с у ғ а ;

6) сәлемдеме, бандероль, ақша аударымдарын алуға және жіберуге;

7) т е л е ф о н д ы п а и д а л а н у ғ а ;

8) к е л у ш і л е р д і қ а б ы л д ауғ а ;

9) ең қажетті заттарды ұстауға және сатып алуға, өз киімін пайдалануға
қ ұ қ ы л ы .

3. Газеттер мен журналды жеке жаздырып алу, байланыс қызметін және тағысын-тағыларды пайдалану олар берілетін пациенттің есебінен немесе қайырымдылық түсімдер есебінен жүзеге асырылады.

35-бап. Психиатриялық жәрдем көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары

1. Стационарлық психиатриялық жәрдемді, ауруханаға салынған адам мен басқа адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мейлінше аз шектеулі жағдайларда, медицина қызметкери оның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып жүзеге асырады.

2. Ауруханаға еріксіз салынып, психиатриялық стационарда болған кезінде ауруханаға салынған адамға күш қолданып қысым жасау мен оқшаулау шаралары оның өзіне немесе басқа адамдарға тікелей қауіп төндіретін іс-әрекетін, психиатр-дәрігердің пікірінше, өзге әдістермен тыю мүмкін болмаған кезде қолданылады және медицина қызметкерінің тұрақты бақылауымен жүзеге асырылады. Күш қолданып қысым жасау немесе оқшаулау шараларының түрлері мен қолданылу уақыты туралы медициналық құжаттамага жазба жасалып, оның заңды өкіліне хабарланаады.

3. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері ауруханаға еріксіз салынатын адамды еріксіз куәландыруды жүзеге асырган кезде медицина қызметкерлеріне көмектесуге, ауруханаға салынатын адамды тексеру мақсатымен оның қасына бару үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті. Ауруханаға салынған, ауруханаға салынуға тиіс адам (адамдар) тарапынан айналадағыларының өмірі мен денсаулығына қатер төндірілетін жағдайларда құқық қорғау органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен іс-қимыл жасайды.

36-бап. Психиатриялық стационардың әкімшілігі мен медицина қызметкерлерінің міндеттері

Психиатриялық стационардың әкімшілігі мен медицина қызметкерлері пациенттер мен олардың заңды өкілдерінің осы Заңда көзделген құқықтарын жүзеге асуру үшін мынадай жағдайлар жасауға:

1) психиатриялық стационарда жатқан пациенттерді қажетті медициналық жәрдеммен, сондай-ақ ұйымның санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз етуге;

2) психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамға немесе оның заңды өкіліне осы Заңның мәтінін, психиатриялық стационардың ішкі тәртіп

ережелерін, пациенттердің құқықтары бұзылған жағдайда жүгінуге болатын мемлекеттік және қоғамдық органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың мекен-жайы мен телефондарын беруге;

3) пациенттердің хат-хабар алысусы, мемлекеттік органдарға, сондай-ақ адвокатқа шағымдар мен арыздар жіберуі үшін жағдайларды қамтамасыз етуге;

4) пациент психиатриялық стационарға еріксіз түрде түскен кезден бастап 24 сағат ішінде оның заңды өкіліне немесе өзінің айтуымен өзге де адамға х а б а р л а у ғ а ;

5) пациенттің туыстарын немесе заңды өкілін, сондай-ақ оның көрсетуімен өзге де адамды оның денсаулық жағдайындағы өзгерістер мен басынан өткен төтенше жағдайлар туралы хабардар етуге;

6) стационарда жатқан пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сәлемдемелер мен беріп жіберілген заттарды бақылап отыруға;

7) діндар пациенттерге психиатриялық стационарда жатқан басқа пациенттердің мұдделері үшін діни салт-жораларды орындау кезінде сақталуға тиісті ережелерді және діни қызметшілерді шақыру тәртібін түсіндіруге, діндарлар мен атеистердің ождан бостандығына құқығын жүзеге асыруына ж ә р д е м д е с у г е ;

8) осы Заңмен белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

37-бап. Психиатриялық стационардан шығару

1. Пациент психиатриялық стационардан сауыққан немесе оның психикалық жай-куйі стационарда одан әрі емдеуді қажет етпейтіндей жақсарған, сондай-ақ стационарға орналастыру үшін негіз болған тексеру немесе сараптама аяқталған ж ағ д а й д а ш ы ғ а р ы л а д ы .

2. Психиатриялық стационарда өз еркімен жатқан пациент одан өзінің жеке арызы, оның заңды өкілінің арызы бойынша немесе оны емдеуші дәрігердің ш е ш і м і б о й ы н ш а ш ы ғ а р ы л а д ы .

3. Психиатриялық стационарға еріксіз түрде орналастырылған пациент одан психиатр-дәрігерлер комиссиясының қорытындысы бойынша шығарылады.

4. Соттың ұйғарымы бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған пациенттің шығарылуы сот ұйғарымы бойынша ғана жүзеге асырылады.

5. Психиатриялық стационарға өз еркімен орналастырылған пациенттің, егер психиатриялық ұйымның психиатр-дәрігерлер комиссиясы оны осы Заңның 29-бабымен көзделгендей ауруханаға еріксіз түрде салу негіздерін анықтайтын болса, одан шығарылуынан бас тартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда оның психиатриялық стационарда болуы, ауруханада ұсталуын ұзарту және стационардан шығарылуы туралы мәселелер осы Заңның 30-32-баптарымен және осы Заңның осы бабындағы З-тармақпен белгіленген тәртіппен шешіледі.

38-бап. Психоневрологиялық ұйымдарға адамдарды орналастырудың негіздері мен тәртібі

1. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамды психоневрологиялық ұйымға орналастыру үшін туыстарының не оның занды өкілінің арызы және психиатр-дәрігер қатысатын дәрігерлер комиссиясының қорытындысы; кәмелетке толмаған адамға - психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы; занда белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамға - психиатр-дәрігердің қатысуымен дәрігерлер комиссиясы берген қорытынды негізінде қабылданған қорғаншы және қамқоршы органның шешімі негіз болады. Қорытындыда адам психикасының оны әлеуметтік қамсыздандырудың мамандандырылған ұйымында болу мүмкіндігінен айыратындаи болып бұзылғаны туралы, ал іс-әрекетке қабілетті адамдар жөнінде - сот алдында оны іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы мәселе қоюға негіз болмауы жөніндегі мәліметтер де болуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес қорғаншы және қамқоршы органдар психоневрологиялық ұйымға орналастырылатын адамдардың муліктік мұдделерін қорғау үшін шаралар қолдануға міндетті.

39-бап. Кәмелетке толмағандарды арнайы оқыту үшін психоневрологиялық ұйымға орналастырудың негіздері мен тәртібі

Кәмелетке толмаған адамды арнайы оқыту мақсатымен психоневрологиялық ұйымға жіберу үшін адам психикасының бұзылуы негіз болады. Ол ата-анасының не оның занды өкілінің арызы және республикалық, облыстық немесе қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қорытындысының негізінде жіберіледі. Қорытындыда кәмелетке толмаған адамды интеллектуалдық дамуы бұзылған балаларға арналған арнаулы мектептер жағдайында оқыту қажеттігі туралы мәліметтер болуға тиіс.

40-бап. Психоневрологиялық ұйымдарда, арнайы оқытатын мектептерде тұратын адамдардың құқықтары және осы ұйымдар әкімшілігінің міндеттері

1. Психоневрологиялық ұйымдарда немесе арнайы оқытатын мектептерде тұратын адамдар осы Заңның 34-бабымен көзделген құқықтарды пайдаланады.

2. Психоневрологиялық ұйымның немесе арнайы оқытатын мектептердің әкімшілігі мен қызметкерлерінің онда тұратын адамдардың құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттері осы Заңның 36-бабымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру туралы және білім беру туралы заңдарымен белгіленеді.

3. Психоневрологиялық ұйымның немесе арнайы оқытатын мектептердің әкімшілігі онда тұратын адамдарды бұл ұйымда одан әрі ұстау туралы, олардың іс-әрекетке қабілетсіздігі, медициналық және әлеуметтік оқалуы жөніндегі шешімдерді қайта қарау мүмкіндігі туралы мәселені шешу мақсатымен психиатр-дәрігердің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қатысуымен дәрігерлер комиссиясын тарта отырып, оларға жылына кемінде бір рет куәландыру өткізеді.

41-бап. Психоневрологиялық ұйымнан немесе арнайы оқытатын мектептерден аудыстыру және шығару

1. Психиатр-дәрігердің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қатысуымен дәрігерлер комиссиясы мамандандырылған психоневрологиялық ұйымда тұруға не оқуға медициналық айғақтар болмауы туралы берген қорытынды психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамды психоневрологиялық ұйымнан немесе арнайы оқытатын мектептен жалпы үлгідегі осындай ұйымға аудыстыру үшін негіз болады.

2. Психоневрологиялық ұйымнан немесе арнайы оқытатын мектептен шығару :

1) психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамның өз арызы бойынша, психиатр-дәрігердің қатысуымен дәрігерлер комиссиясының денсаулық жағдайы бойынша бұл адамның жеке тұра алатыны туралы қорытындысы болған кезде;

2) шығарылатын кәмелетке толмағандарды не занда белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамды күтіп-бағуды жүзеге асыруға міндеттенетін ата-анасының, өзге де туыстарының немесе занды өкілінің арызы бойынша жүзеге асырылады.

5 тарау. ПСИХИАТРИЯЛЫҚ ЖӘРДЕМ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

42-бап. Азаматтар мен үкіметтік емес ұйымдардың психиатриялық жәрдем көрсету кезінде адам құқықтарының сақталуын бақылау жөніндегі қызметке құқығы

1. Азаматтар, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, қорлар, қауымдастықтар, діни бірлестіктер, сондай-ақ шетелдік және халықаралық коммерциялық емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) психиатриялық жәрдем көрсету кезінде адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге мүдделі адамдардың, олардың заңды өкілдерінің өтініші бойынша және өз бастамасымен жәрдемдесуге бағытталған қызметін кедергісіз жүзеге асыруға құқылы.

2. Қоғамдық бірлестіктердің өкілдері психиатриялық немесе психоневрологиялық ұйымдардың әкімшілігімен ондағы адамдарға барып-тұру шарттарын келісуге, оларда қолданылатын ережелермен танысуға, оларды орындауға және дәрігерлік қупияны жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюға міндетті.

43-бап. Психиатриялық жәрдем көрсету кезінде адамның құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылау жөніндегі қызметті жүзеге асыру

1. Осы Заңның 42-бабында аталған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін азаматтар мен үкіметтік емес ұйымдар:

1) жергілікті, ұлттық және халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына психиатриялық жәрдем көрсету кезінде адам құқықтары мен бостандықтарының проблемалары мен бұзылу фактілері жөнінде арыз, өтініш, петиция беруге;

2) сайлау науқаны кезінде психиатриялық және психоневрологиялық емдеу ұйымдарының жанынан құрылған сайлау участеклеріне тәуелсіз байқаушылар ретінде еркін кіргүзге;

3) психиатриялық жәрдем көрсету кезінде адам құқықтары мен бостандықтарының сақталу мәселелері жөнінде тәуелсіз, оның ішінде

халықаралық байқаушы, инспекциялық миссияларды құруға және оның
қызметінен катысуга;

4) тәуелсіз психиатр-дәрігерлер комиссияларын құруға және оның қызметінен
катысуга;

5) психиатриялық жәрдем көрсетілетін адамдардың білікті заң қызметін
алуына жәрдемдесуге, белгіленген рәсімдерді сақтай отырып, олардың занды
екілдері болуға;

6) аталған адамдарға олардың мәдени және діни қажеттерін қанағаттандыру,
діни салт-жораларды атқару ісіне жәрдемдесіп, көмек беруге;

7) арнаулы, жалпы медициналық және санаторий-курорттық емнің, медицина,
заң және өзге де мамандары мен консультанттары қызметінің, байланыс
қызметінің, мерзімді және өзге де басылып шығатын басылымдардың, сондай-ақ
медициналық айғақтар бойынша тыбым салынбаған тамақ өнімдерінің, гигиена
және жеке пайдаланылатын заттардың ақысын қоса алғанда, аталған адамдарға
қайырымдылық көмек көрсетуге құқылы.

2. Азаматтар мен үкіметтік емес ұйымдар (бірлестіктер, қауымдастықтар) осы
Заңның 42-бабында аталған өз қызметін Қазақстан Республикасының зандарына
қайшы келмейтін басқа нысандарда да жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 43-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.
N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап қүшіне енеді) Заңымен.

**6 тарау. ПСИХИАТРИЯЛЫҚ ЖӘРДЕМ КӨРСЕТУДІ ЖӘНЕ ОНЫ
КӨРСЕТКЕН
КЕЗДЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУДІҢ
МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРІ. ПСИХИАТРИЯЛЫҚ ЖӘРДЕМ
КӨРСЕТУ
ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ БАҚЫЛАУ**

**44-бап. Психиатриялық жәрдемнің толық және сапалы
көрсетілуінің мемлекеттік кепілдіктері**

1. Мемлекет меншік нысандарына қарамастан психиатриялық және
психоневрологиялық ұйымдар, оның ішінде жеке жұмыс істейтін
психиатр-дәрігерлер көрсететін психиатриялық жәрдемнің толық және сапалы

б о л у ы н а :

психиатр-дәрігерлердің кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесі мен психиатриялық практикамен айналысу құқығына лицензиялар беру;

емдеудің және психиатриялық жәрдем көрсетудің әдістері мен құралдарының бірыңғай жүйесін қолдану;

психиатр-дәрігерлер мен психоневрологиялық ұйымдардың кәсіби қызметін мемлекеттік бақылау жүйесі;

психиатриялық және психоневрологиялық емдеу ұйымдары жанындағы құқықтық көмек пен заң көмегінің жүйесі арқылы кепілдік береді.

2. Психиатр-дәрігерлердің, психиатриялық және психоневрологиялық ұйымдардың кәсіби қызметіне мемлекеттік бақылауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті шегінде жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Ескерту. 44-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап қүшіне енеді) Заңымен.

45-бап. Психиатриялық жәрдем көрсету кезінде заңдылықтың және адам құқықтарының сақталу кепілдіктері

Психиатриялық жәрдем көрсету кезінде заңдылықтың және адам құқықтарының сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Прокуратура органдары жүзеге асырады.

46-бап. Осы Занды бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы Занды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

47-бап. Халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Президенті